

**«Бекітілген»**  
«ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ Басқармасының  
шешімімен  
2014 жылғы 4 шілдедегі № 398 хаттама

**АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ**  
**«ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ ұсынатын**

**1. Ақпараттық қызметтердің түрлері:**

| №  | Ақпараттық қызметтердің атауы  |
|----|--|
| 1. | Ішкі және экспорттық жеткізу базистері бойынша дәнді дақылдар құнының күнделікті индикаторларын тарату<br><br>(тауарлар мен жеткізу базистері бөлінісінде, ішкі нарықта да, экспорттық бағыттарда да (Қазақстан шекарасындағы өту станциялары бойынша) биржалық сауданың барлық режимдеріндегі дәнді дақылдар бағаларына шолу қамтылады).  |
| 2. | Астық нарығындағы бағалық индикаторлардың өзгерістері бойынша апта сайынғы биржалық талдаманы тарату<br><br>(ЕСЖ Биржасындағы дәнді дақылдардың орташа өлшенген бағаларына, жасалған мәмілелер көлеміне, апта ішіндегі баға өзгерістеріне шолу қамтылады, сондай-ақ астық нарығына қатысушылар пайдаланатын өзге де дереккөздер ("Қазақ-зерно" АА, СВОН және т.б.) бойынша ақпарат келтіріледі). |
| 3. | Астық нарығы бойынша ай сайынғы биржалық бюллетеньді тарату<br><br>(күнтізбелік ай ішінде ЕСЖ Биржасында өткізілген астықтың бағалары мен көлемдері туралы деректермен қатар, астық нарығына ай сайынғы шолу ұсынылады; ішкі және сыртқы факторлардың әсерін ескере отырып, бидай мен арпа бағаларының өзгерістері бойынша талдамалық ақпарат беріледі).   |

2. Көрсетілетін ақпараттық қызметтердің құны 2009 жылғы 21 қыркүйектегі № 17 хаттамамен бекітілген «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауар биржасы» АҚ сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсету шарттарының ажырамас бөлігі болып табылатын Ақпараттық қызметтер көрсету тарифтерінің № 5 қосымшасында айқындалған және [www.ets.kz](http://www.ets.kz) веб-сайтында орналастырылған.